

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 145 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 27 сәуірде № 13641 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 209 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 29.04.2025 № 209 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т.қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 18.04.2025 № 180 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) "Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10007 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 8 қаңтарда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бюджеттік өтінім базалық шығыстар мен жаңа бастамалар шығыстарына бөлінетін шығыстар көлемін негіздеу үшін кезекті жоспарлы кезеңге бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жасайтын құжаттардың жиынтығы болып табылады.

Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 67-бабына сәйкес тұрақты сипаттағы шығыстар, күрделі шығыстар, сондай-ақ басталған (жалғасатын) бюджеттік инвестициялық жобаларға және қабылданған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары

бойынша мемлекеттік міндеттемелерді, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді орындауға арналған шығыстар базалық шығыстар болып табылады.

Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді орындауға және мемлекеттік қызметтер көрсетуге, трансферттердің төлемдеріне және мемлекеттің басқа да міндеттемелеріне байланысты шығыстар тұрақты сипаттағы шығыстар болып табылады.

Жаңа бастамалар шығыстарына мыналарға:

кейіннен жаңа бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыландырылатын стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сәйкес әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа басым бағыттарын іске асыруға;

макроэкономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты емес және іс жүзіндегі бюджеттік бағдарламалар шеңберінде бюджет қаражатын жұмсаудың қосымша бағыттарын (атқарылатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктердің және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемін кеңейтуді) көздейтін базалық шығыстарды ұлғайтуға бағытталған шығыстар жатады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бюджеттік өтінім мыналарды:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің әрбір бюджеттік бағдарламасы бойынша шығыстардың түрлері жөніндегі есептеулерді;

2) байланысты гранттар сомасын жұмсалып бағыттары бойынша міндетті түрде бөле отырып, ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша алынған және пайдаланылған байланысты гранттар туралы ақпаратты;

3) ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша алынған және пайдаланылған байланысты емес гранттар туралы ақпаратты;

4) мемлекеттік мекемелердің өз иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының болжамын;

5) ағымдағы қаржы жылының бірінші тоқсанының қорытындылары бойынша нысаналы даму трансферттерін қоса алғанда, бюджеттік инвестициялық жобалар мониторингінің қорытындылары жөніндегі есепті;

6) түсіндірме жазбаны;

7) бюджеттік бағдарламалардың жиынтық тізбесін және базалық шығыстар мен жаңа бастамалар шығыстардың қамтитын ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығыстардың жиынтық кестесін;

8) орталық мемлекеттік органдардың, оның ведомстволарының, аумақтық органдарының, ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің, оның ішінде орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің, ведомстволарының

және олардың аумақтық органдарының ағымдағы жылға бекітілген штат кестесін және жоспарлы кезеңге арналған штат кестесінің жобасын; тиісті жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдардың және олар өзгерген жағдайда оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штат кестесін;

9) республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттеріне нысаналы даму трансферттер бөлінген жағдайда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісілген нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімдер жобаларын, қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есепті;

10) облыстық бюджеттен ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттеріне нысаналы даму трансферттері, оның ішінде облыстық бюджеттерге бөлінетін және одан әрі ауданның бюджеттеріне бөлуге жататын республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері бөлінген жағдайда, ауданның жергілікті атқарушы органдарымен келісілген нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімдердің жобаларын;

11) егер бюджеттік бағдарламалар әкімшісі нормативтік құқықтық актілер әзірлеуді немесе оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынған жағдайда қосымша шығыстарды немесе бюджет түсімдерін қысқартуды талап ететін тиісті нормативтік құқықтық актінің жобасын;

12) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің заң жобаларын әзірлеу орындылығы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің Заң жобалау жұмысының перспективалық жоспарына сәйкес болуы туралы қорытындыны;

13) тиісті сараптамалардың қорытындылары бар инвестициялық ұсыныстарды;

14) техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап етпейтін жобаларды қоспағанда, бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін, құрылысқа жобалау алды (техникалық-экономикалық негіздемелер) және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманың мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік инвестициялық жоба бойынша экономикалық оң қорытындысын;

15) жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын, оның ішінде концессиялық жоба бойынша концессия шартын;

16) жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды жоспарлаған жағдайда заңды тұлғалардың стратегиялық даму құжаттарын;

17) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржыландыру көздерін (меншікті, қарызға алынған, бюджеттік, демеушілік және басқа) көрсетумен іске

асырылып жатқан және іске асырылуы жоспарланған инвестициялық жобалары туралы ақпаратты;

18) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесін, ол бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысын;

19) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, мониторингілеу және іске асырылуын бағалау қағидаларына 18-1-қосымшаға сәйкес іске асырылған, іске асырылатын және іске асырылуы жоспарланған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің инвестициялық жобалары бойынша ақпарат;

20) республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ұсынатын тақырыптар бойынша зерттеулер жүргізудің орындылығын қарау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қорытындысын;

21) республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ұсынатын тақырыптар бойынша ғылыми зерттеулердің мемлекеттік ғылыми және ғылыми-техникалық сараптамасының қорытындысын;

22) мемлекеттік органдардың тақырыптық зерттеулері мен бірлескен зерттеулердің негізділігі мен тиімділігі бойынша салалық мемлекеттік органдардың қорытындылары;

23) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік кредиттеу арқылы іске асыруға ұсынып отырған бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік кредиттеудің орындылығы туралы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысын;

24) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға шығыстарды жоспарлау кезінде ақпараттандыру саласындағы сараптамалық кеңестің қорытындысы;

25) бюджеттік бағдарламалар әкімшісі штат санын ұлғайтуға Мемлекет басшысының не оның уәкілеттік беруімен Республика Президенті Әкімшілігінің келісімін растайтын құжатты;

26) жекелеген мемлекеттік қызметтерді көрсетуге, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға және мемлекеттік тапсырма мен Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және монополияға қарсы органның қорытындылары нысанында мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық

тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да міндеттерді орындауға арналған ұсыныстарды және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен монополияға қарсы органның қорытындыларын;

27) нысаналы салым салуға бағытталған бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстарды жоспарлау кезінде дербес білім беру ұйымдарының қамқорлық кеңестерінің шешімдерін;

28) Жол картасының бағыттары және өңірлер бойынша, оның ішінде Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша шығыстарды жоспарлау кезінде республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасында қаржыландыру лимиттері және қаражат бөлу бойынша Жұмыспен қамту 2020 жол картасын іске асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қорытындысын;

29) медициналық техниканы сатып алуға арналған шығыстарды жоспарлау кезінде құны бес миллион тенгеден асатын және біріздендіруді талап ететін медициналық техниканың клиникалық-техникалық негіздемесінің сараптамасы, техникалық сипаттамасы және құны бойынша лизинг берушінің қорытындысын;

30) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар сұрататын басқа да қажетті ақпаратты қамтиды.

Аса маңызды және жедел іске асыруды талап ететін міндеттерді іске асыруға бағытталған бюджеттік инвестициялар бойынша мынадай құжаттар беріледі:

Қазақстан Республикасы Президентінің және (немесе) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі тапсырмаларының көшірмелері;

жылдар бойынша бөле отырып, жоба құнының негіздемесі жөніндегі есептеу; бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жобаны іске асырудың орындылығына қатысты қорытындысы;

қажет болған жағдайда бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган сұрататын басқа да құжаттар.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Бюджеттік өтінімді дайындау тәртібі мен оны бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ішінде келісу мерзімі бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшысының бұйрығымен бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.";

17, 18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"17. 111 "Еңбекақы төлеу" ерекшелігі бойынша шығыстардың есептеулері Қағидаларға 2-16-қосымшаларға сәйкес 01-111, 02-111, 03-111, 04-111, 05-111, 06-111, 07-111, 08-111, 09-111, 10-111, 11-111, 12-111, 13-111, 14-111, 15-111 нысандары бойынша жасалады.

Көрсетілген нысандар бойынша есептеулерді жасаған кезде радиациялық зілзала аумақтарында тұрғаны және экологиялық қасірет аймақтарында тұрғаны үшін қосымша ақы есептелген кезде "Семей ядролық сынақ полигонындағы

ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңын және "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңын басшылыққа алған жөн.

01-111-нысан (2-қосымша) прокуратура органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің, құқық қорғау органдарының, өртке қарсы мемлекеттік қызмет, қылмыстық-атқару жүйесінің, ішкі істер органдарының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің, экономикалық тергеу қызметінің, қылмыстық-атқару жүйесі және кеден қызметі органдарының қызметшілерін, әскери қызметшілерді қоспағанда, мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған, олар бойынша тиісінше 12-111, 13-111, 14-111, 15-111-нысандар толтырылады. Осы есептеулерді жасаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығымен бекітілген санаттары бойынша мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен камтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 Жарлығын (бұдан әрі - № 1284 Жарлық) басшылыққа алған жөн.

02-111-нысан (3-қосымша) мемлекеттік саяси қызметшілердің, депутаттардың, судьялардың, судьяларға кандидат тағылымдамадан өтушілердің еңбекақысына жұмсалатын шығыстарды есептеуге арналған. Есептеуді 02-111-нысан бойынша жасаған кезде № 1284 Жарлықты басшылыққа алған жөн.

№ 1284 Жарлықты 03-111, 12-111, 13-11114-111 және 15-111-нысандар бойынша есеп жасаған кезде де басшылыққа алған жөн.

03-111-нысан (4-қосымша) төтенше және өкілетті елшілердің, шет елдегі мекемелер қызметкерлерінің еңбекақысына жұмсалатын шығыстарды есептеуге арналған.

04-111-нысан (5-қосымша) мемлекеттік білім беру мекемелері қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

Осы есептеулерді жасаған кезде "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысын (бұдан әрі -

№ 1193 қаулы) басшылыққа алған жөн. Осы нормативтік құқықтық актіні 05-111, 06-111, 07-111, 08-111, 09-111, 10-111, 11-111-нысандар бойынша есептеулерді жасаған кезде де басшылыққа алған жөн.

5-қосымша сондай-ақ 132 "Патронатты тәрбиешілерге еңбекақы төлеу" ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеу үшін қолданылады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда әлеуметтік аударымдарды және әлеуметтік салықты есептеу ерікті нысанда жасалады.

06-111-нысан (7-қосымша) мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелері қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

07-111-нысан (8-қосымша) әлеуметтік қамитамасыз ету мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

08-111-нысан (9-қосымша) мәдениет және мұрағат ісі мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

09-111-нысан (10-қосымша) дене шынықтыру және спорт мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

10-111-нысан (11-қосымша) мемлекеттік білім, жоғары білім және ғылым, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және мұрағат ісі, дене тәрбиесі және спорт мекемелерін, құқық қорғау органдарын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін қоспағанда, басқа мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

11-111-нысан (12-қосымша) мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

11 және 12-қосымшалар сондай-ақ 131 "Техникалық персоналға еңбекақы төлеу" ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеуге қолданылады. Осы есептелерді жасаған кезде № 1193 қаулыны басшылыққа алған жөн.

12-111-нысан (13-қосымша) прокуратура органдары қызметкерлерінің (Қазақстан Республикасының Бас әскери прокуратурасы, округтар, гарнизондар мен әскерлер әскери қызметшілерін қоспағанда, олар бойынша 13-111-нысан толтырылады) жалақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

13-111-нысан (14-қосымша) ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі, құқық қорғау органдары, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, қылмыстық-атқарушы жүйесі органдары қызметкерлерінің еңбекақысына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

35-бағанда 14-қосымша қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін үстемақы алатын құқық қорғау органдары, өртке қарсы мемлекеттік қызмет,

мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің саны көрсетіледі, ал 36-бағанда қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін төленетін үстемақы сомасы көрсетіледі. Қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін төленетін үстемақының жалпы сомасы лауазымдық жалақының жалпы сомасының 15 пайызынан жоғары болмауға тиіс.

14-111-нысан (15-қосымша) әскери қызметшілерге еңбекақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған.

35-бағанда 15-қосымшада қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін үстемақы алатын әскери қызметшілердің саны, ал 36-бағанда қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін үстемақының сомасы көрсетіледі. Қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін төленетін үстемақының жалпы сомасы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі үшін лауазымдық еңбекақылар бойынша жалпы соманың 25 пайызынан жоғары болмауға, басқа органдар үшін - 15 пайыздан жоғары болмауға тиіс.

12-111, 13-111, 14-111-нысандары бойынша еңбекақы төлеуге арналған шығыстарды есептеу кезінде "Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі өртке қарсы қызмет органдары мен прокуратура органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттары бойынша тізілімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1283 Жарлығын және № 1284 Жарлығын басшылыққа алған жөн.

15-111-нысаны (16-қосымша) жедел әскери қызмет әскери қызметшілерінің лауазымдық жалақысы бойынша шығыстарды есептеуге арналған.

18. 01-112-нысаны (17-қосымша) қосымша ақшалай төлемдер шығындарын есептеуге арналған.

Осы нысан "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" № 1284 Жарлығына сәйкес әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің, судьялардың, алыс және таяу шет елдердегі Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшілерінің, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдердегі мекемелері қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары, Ішкі істер министрлігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі мен прокуратура органдары қызметкерлерінің қосымша ақшалай төлемдері: жоспары бойынша мемлекеттік орган басшысының шешімімен белгіленген лауазымдық қызметкерлерге үстемақыларды; жасалған келісімшарттың мерзіміне байланысты солдаттар (матростар), сержанттар (старшиналар) лауазымына келісімшарт бойынша әскери қызметке алғаш кіріскен азаматтарға біржолғы ақшалай сыйақыны; мемлекеттік органдардың орталық аппараттары әкімшілік

мемлекеттік қызметшілеріне сыйлық, функцияларына халықаралық арбитражды және шетел соттарында мемлекет мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жататын мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлеріне және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне сыйлық есептеуге арналған.

19. 01-113-нысаны (18-қосымша) бойынша шығыстар көлемін айқындау үшін жасалады.

Бұл нысан № 1284 Жарлықа және № 1193 қаулыға сәйкес мемлекеттік және азаматтық қызметшілерді сауықтыруға арналған жәрдемақыларды төлеу шығыстарын есептеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өтемақылық төлемдер мен біржолғы жәрдемақыларға арналған шығыстарды есептеуге арналған.";

мынадай мазмұндағы 23-1-тармақпен толықтырылсын:

"23-1. 01-124-нысан (22-1-қосымша) Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды төлеуге шығыстарды есептеуге арналған.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар сомасын есептеу кезінде "Міндетті медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 6 қарашадағы Заңын басшылыққа алу қажет.";

27-тармақты мынадай редакцияда жазылсын:

"27. 01-141, 02-141, 03-141 және 04-141-нысандары (26-29-қосымшалар) 141 "Тамақ өнімдерін сатып алу" ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеуге арналған.

01-141-нысаны (26-қосымша) ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі, экономикалық тергеу қызметі органдарының, қылмыстық-атқару жүйесінің органдарының, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері, денсаулық сақтау және ветеринария мекемелерін, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, қоспағанда, тамақтануға арналған шығыстарды есептеу үшін мемлекеттік білім беру және әлеуметтік қорғау мекемелері толтырады. Осы нысан бойынша есепті жасаған кезде Бюджет кодексінің 69-бабына сәйкес бекітілген мемлекеттік денсаулық және әлеуметтік қорғау мекемелері үшін тамақтану нормаларын басшылыққа алу керек.

02-141-нысаны (27-қосымша) әскери қызметшілерге, ішкі істер органдары, қылмыстық-атқару жүйесі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі, экономикалық тергеу қызметі қызметкерлеріне, кәсіптік апаттан-құтқару құрылымдарының құтқарушыларына, әскери және арнайы оқу орындарының курсанттарына, әскери мектеп-интернаттарының тәрбиеленушілеріне тамақ өнімдерін сатып алуға арналған шығыстарды есептеу үшін мемлекеттік мекемелер толтырады. Осы

нысан бойынша есепті жасаған кезде Бюджет кодексінің 69-бабына сәйкес бекітілген заттай нормаларды басшылыққа алу керек.

03-141-нысанды (28-қосымша) мемлекеттік ветеринариялық мекемелер толтырады. Осы есептеуді жасаған кезде жануарларға арналған тамақтану нормаларын басшылыққа алған жөн.

04-141-нысаны (29-қосымша) денсаулық сақтау мекемелерінде тамаққа арналған шығыстарды есептеу үшін жасалады. Осы есептеуді жасаған кезде тамақтанудың заттай нормаларын басшылыққа алған жөн.";

29 және 30-тармақтарды мынадай редакцияда жазылсын:

"29. 01-143-нысаны (33-қосымша) Заттай мүліктер мен басқа да нысандық және арнайы киімдерді сатып алу, тігу және жөндеу бойынша шығыстарды есептеу үшін толтырылады.

33-қосымша бойынша әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының, қылмыстық-атқару жүйесінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі, экономикалық тергеу қызметінің қызметкерлері, кәсіби авариялық-құтқару құрылымдарының құтқарушылары, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері, әскери және арналған оқу орындарының курсанттары, әскери мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері үшін мүліктік керек-жарақ заттарын сатып алуға, тігуге және жөндеуге, кеден қызметінің, прокуратура органдарының қызметшілері, судьялар, сот приставтары үшін арнайы және пішімдік киім-кешектерге, мемлекеттік орман күзетінің және аң шаруашылығы, өсімдік карантині бойынша мемлекеттік фитосанитарлық қызметтің және мемлекеттік шекарада және көлікте малдәрігерлік қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік малдәрігерлік қызметтің қызметкерлері үшін пішімдік киім-кешекке арналған шығыстарды есептеу үшін толтырылады.

Осы нысан бойынша есепті жасаған кезде заттай мүлік, 1 алушыға ақша түрінде бір жылғы тозуын ескере отырып басқа нысандық және арнайы киіммені нормаларын басшылыққа алған жөн.

30. 01-144-нысан (34-қосымша) жанар-жағармай материалдарына мемлекетті органдардың шығындарын есептеуге арналған.

01-144-нысан бойынша шығыстарды есептеу кезінде Бюджет кодексінің 69-бабына сәйкес бекітілген қызметтік, кезекші және арнайы автомобильдердің тиесілік нормаларын және жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға шығыстардың нормаларын басшылыққа алу керек.

Автокөлік үшін жағармай материалдары сатып алу шығыстарын есептеу үшін жасалады.

02-144-нысан (35-қосымша) дербес жылыту жүйесі бар мемлекеттік мекемелердің ғимараттарын, үй-жайларын жылыту үшін қатты және сұйық отынды сатып алу шығыстарын есептеу үшін жасалады.";

32-тармақты мынадай редакцияда жазылсын:

"32. 01-151, 02-151, 03-151, 04-151 (39-42 қосымшалары) нысандар коммуналдық қызметтерді (су, газ, электр энергиясы және жылыту) төлеу үшін жоспарлы кезеңге арналған бюджет қаражатының көлемін айқындау үшін жасалады.

Егер мемлекеттік мекеме бір бюджет деңгейі есебінен ұсталатын басқа мемлекеттік мекеменің үй-жайларында орналасқан жағдайда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің коммуналдық қызметтерді төлеуге арналған шығыстары осы үй-жайдың теңгерімдік ұстаушысында жоспарлануы мүмкін.

Аталған нысандар бойынша есептеулерді жасаған кезде бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылытуға жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтыну нормаларын басшылыққа алу керек.

01-151, 02-151 және 03-151 нысандарының 5-бағанында (39-42-қосымшалар) су, электр энергиясын, жылуды, газды тұтыну нормалары белгіленген қуаттылық бірлігінің саны көрсетіледі.

01-151-нысанды (39-қосымша) ыстық және суық суға, кәріз бен газға арналған шығыстарды есептеу үшін мемлекеттік мекемелер толтырады.

Газға арналған шығыстарды есептеу кезінде оны тасымалдауға арналған шығыстар есепке алынады.

02-151-нысанды (40-қосымша) жетілдірілген жабындарды және жасыл желекті екпелерді суаруға арналған су шығыстарын, объектілердің аумақтарын есептеу үшін мемлекеттік мекемелер толтырады.

03-151-нысанды (41-қосымша) мемлекеттік мекемелер электр энергиясын төлеу жөніндегі шығыстарды есептеу үшін толтырады.

04-151-нысанды (42-қосымша) мемлекеттік мекемелер орталық жылу жүйесі бар мемлекеттік мекемелер үшін ғимараттарды, үй-жайларды жылытуға арналған шығыстарды есептеу үшін толтырады.

Осы нысан мемлекеттік мекемелердің ғимараттары мен үй-жайларын газбен жылытуға шығыстарды есептеу үшін толтырылады. Газға арналған шығыстарды есептеу кезінде оны тасымалдауға арналған шығыстар есепке алынады.";

36-тармақты мынадай редакцияда жазылсын:

"36. 01-159, 02-159-нысандар (46 және 47-қосымшалар) 159 "Өзге де қызметтер мен жұмыстар" ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеуге арналған.

01-159-нысаны (46-қосымша) ғимараттарды, орын-жайларды жабдықтарды және басқа негізгі құралдарды ұстау бойынша шығыстар есебіне арналған. Жоспарланған шығыстарды негіздеу үшін ағымдағы қаржы жылына арналған қызметтер көрсету, жұмыстар туралы шарттардың көшірмелері беріледі, шарттар болмаған жағдайда сатып алынатын қызметтер мен жұмыстардың әрбір түрі

бойынша кем дегенде үш прайс-парақтары, ағымдағы қаржы жылына ағымдағы жөндеу бойынша дефекті актісі мен сметалық құжаттама қоса беріледі. Ағымдағы жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар тізбесін жасаған кезде " Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы № 1118 қаулысын басшылыққа алған жөн, онда ғимараттарды ағымдағы және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстардың тізбесі көзделген.

02-159-нысаны (47-қосымша) жеке тұлғалар мен мемлекеттік мекемелер, акционерлік қоғамдар, акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық компаниялар және мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер көрсеткен қызметтер мен жұмыстарды төлеу жөніндегі шығыстарды есептеуге арналған.

Осы есепте шығыстардың жалпы шығыстар сомасы көрсетіледі, сондай-ақ шығыстардың негізгі түрлері бойынша таратып жазу келтірілген:

1) жеке тұлғалар үшін:

қызметкерлердің еңбекақысы - осы жол бойынша қызметтер көрсетуге және жұмыстарды орындауға қатысатын қызметкерлердің еңбекақысы көрсетіледі (жеке табыс салығы, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті жарналар, қызметкерлердің еңбекақысынан ұсталатын әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына міндетті медициналық әлеуметтік сақтандыру жарналары да осы жол бойынша көрсетіледі);

іссапар шығыстары;

материалдарды сатып алу;

көлік қызметтері.

2) акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестер үшін:

қызметкерлерге еңбекақы төлеу - осы жол бойынша қызметтер көрсетуге және жұмыстарды орындауға қатысатын қызметкерлерге еңбекақысы төлеу көрсетіледі;

әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдар;

медициналық әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдары;

іссапар шығыстары;

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, оның ішінде негізгі салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер жеке жолдармен көрсетіледі;

өзгеде салықтар;

материалдарды сатып алу;

коммуналдық қызметтер, яғни электр энергиясын және жыруды қоспағанда, суға, газға және басқа да коммуналдық қызметтерге арналған шығыстар;

электр энергиясы;

жылу;

байланыс қызметтері;

көлік қызметтері;

негізгі құралдарды ағымдағы жөндеу;

үй-жайлардың ғимараттарын ұстау, оларға қызмет көрсету;

жалдау ақысы;

банктік қызметтер;

өзгеде шығыстар.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері 02-159 нысанын толтыратын акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді қоспағанда, заңды тұлғалар көрсететін қызметтер мен жұмыстарды төлеу бойынша шығыстарды есептеуді еркін нысанда ұсынады.";

41-тармақты мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 133, 155, 156, 163, 164, 165, 166, 167, 169, 211, 212, 221, 321, 322, 323, 331, 332, 339, 341, 351, 359, 411, 412, 417, 418, 419, 421, 422, 423, 429, 431, 432, 433, 434, 435, 436, 441, 451, 511, 512, 513, 514, 519, 521, 531, 541, 611, 612, 621, 711, 712, 713, 714, 715, 721 және 722 ерекшеліктері бойынша жоспарланатын шығыс түрлері бойынша есептеулер еркін нысанда жасалады.

Қорлар мен негізгі құралдарды сатып алуға арналған шығыстарды жоспарлаған кезде есепке қорлар немесе негізгі құралдардың әрбір түрлері бойынша кем дегенде үш прайс-парақтар қоса беріледі.

421, 435 және 423 ерекшеліктер бойынша міндетті тәртіпте есептеулерді ұсыну кезінде мемлекеттік мекемелер жобалау-сметалық құжаттамаға және жұмыстардың (қызметтердің) құнын негіздейтін құжаттарға мемлекеттік сараптаманың немесе кешенді ведомстводан тыс сараптаманың қорытындысын ұсынады, ал қорларды сатып алуға арналған есептеулерге ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік мекеменің теңгерімінде тұрған

қорлардың іс жүзіндегі қалдықтарының болуы туралы ақпаратты және ағымдағы жылдың жоспарын ұсынады.

Мәслихат депутаттарына олардың негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақыны өтеу жөніндегі шығыстарды есептеу "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 22-бабына сәйкес осы қызметте бір жылға дейінгі жұмыс өтілі бар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімі аппараты басшысының жалақысынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады. Есептеуге жұмыс берушілердің Салық кодексіне сәйкес әлеуметтік салық бойынша жарналары мен "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңына сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдары кіреді.

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысына сәйкес 164 ерекшелік бойынша есептеуді ұсынған кезде шетелдік жоғары оқу орындары (әлемнің ғылыми орталықтары мен зертханалары) мен шетелде кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру халықаралық бағдарламаларын іске асыру жөніндегі қызметтерді, Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясын беруші болып Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған заңды тұлға арасында жасалған шарттың көшірмелері ұсынылады.

Өкілдік шығындарға шығыстарды жоспарлау кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген өкілдік шығындар нормалары қолданылады.";

41-1-тармақ мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"41-1. 169 "Өзге де нысаналы шығыстар" ерекшелігі бойынша нысаналы аударымға бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша жоспарланатын шығыс түрлері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған мақсаттарға бағытталады. Есептеулерге шығыстардың әрбір түрі бойынша тиісті құжаттар мен негіздемелер қоса беріледі.

Есептеулерге қосымша қоса беріледі:

1) дербес кластерлік қорға нысаналы аудару бойынша:

бюджеттік бағдарламалар әкімшілігімен келісілген негізгі техникалық, технологиялық және басқа шешімдер туралы мәліметтерді, сондай-ақ негізгі

техникалық-қаржы параметрлерін айқындай отырып, пайда мен шығындарды экономикалық талдау негізінде жүргізілетін жобаның жүзеге асырымдылығы мен тиімділігін зерделеу нәтижелерін қамтитын құжат;

дербес кластерлік қордың басқарушы комитеті бекітетін шетелдік инвестициялық қорларға үлестік қатысуды көздейтін тәртіп;

2) Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін ғана қордың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын коммерциялық емес ұйымға нысыналы аудару бойынша техникалық-экономикалық негіздеме қоса беріледі.";

42-1-тармақты мынадай редакцияда жазылсын:

"42-1. Бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ жобаларға мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелеріне және концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасына қажетті сараптамалар жүргізуге, концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеуге бағытталған бөлінетін бюджеттік бағдарлама бойынша есептеулер олар болған жағдайда өтіп кеткен жоспарлау кезеңі жобаларының орташа құны мен санын талдау негізінде жасалады.";

51-тармақты мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Заңды тұлғаларға, оның ішінде шаруа (фермерлік) қожалықтарына берілетін субсидиялар шығыстарын есептеуге арналған 01-311-нысан (59-қосымша). Шығындар бағыттары бойынша есептеулермен бірге негіздемелік құжаттар ұсынылады.

Осы нысан бойынша есептеу үш бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде заңды тұлғаның шаруашылық қызметті жүзеге асырудан алатын кірістерінің жалпы сомасы көрсетіледі.

Екінші бөлімде шығыстардың негізгі түрлері бойынша таратып жазуды келтіре отырып, шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.

